**Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-иран үкіметаралық комиссиясының алтыншы мәжілісін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 сәуір N 427

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 2002 жылғы 16-17 сәуірде Астана қаласында Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-иран үкіметаралық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) алтыншы мәжілісін өткізсін.

2. Орталық атқарушы органдар қоса беріліп отырған Комиссияның алтыншы мәжілісін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың орындалуы жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне Комиссияның алтыншы мәжілісін өткізу үшін, оның ішінде қонақ үйде тұруға 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша

көзделген қаражат есебінен 720000 (жеті жүз жиырма мың) теңге қаражат бөлсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 15 сәуірдегі
N 421 қаулысына
қосымша

Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық
жөніндегі Қазақстан-иран үкіметаралық комиссиясының алтыншы
мәжілісін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары
(2002 жылғы 16-17 сәуір, Астана қаласы)

---------------------------------------------------------------------------

| Р/с N | Іс-шараның атауы | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | Делегацияның жүріп-тұру бағдарламасын дайындау | 2002 жылғы 15 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Комиссияның жұмыс регламенті бойынша (баяндамашыға және сөз сөйлейтіндерге берілген уақыт), жұмыс топтарының басшылары және олардың құрамы, өткізу орны жөнінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ұсыныстар енгізу | 2002 жылғы 12 сәуірге дейін | Сыртқы істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ішкі істер министрлігі |
| 3 | Комиссияның мәжілісі Хаттамасының жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ұсыныстар енгізу | 2002 жылғы 12 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Мемлекеттік кіріс министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ішкі істер министрлігі |
| 4 | Комиссияның алтыншы мәжілісі Хаттамасының жобасын дайындау | 2002 жылғы 15 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Иран делегациясына қызмет көрсетуді ұйымдастыру және қаржы шығындарын (көлікке, Комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының атынан қабылдау, кофе-брейк, кәдесыйлар, кеңсе тауарлары, иран делегациясы мүшелерінің қазақстандық тарап есебінен қонақ үйде тұруы) өтеу көздері жөнінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ұсыныстар енгізу | 2002 жылғы 12 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | Комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының атынан қабылдауды өткізу орны туралы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ұсыныс енгізу. Қатысушылар санын анықтау | 2002 жылғы 12 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 7 | Комиссияның қазақстандық бөлігінің мәжілісін ұйымдастыру және өткізу | 2002 жылғы 15 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 8 | Бөлінген қаражат есебінен тең төрағаға естелік сыйлық және иран | 2002 жылғы 12 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | делегациясының мүшелеріне кәдесыйлар сатып алуды ұйымдастыру | | |
| 9 | Делегация мүшелерінің әуежайдағы, орналасқан және барған жерлеріндегі қауіпсіздігін, сондай-ақ қозғалыс бағыттары бойынша оларды бірге алып жүруді қамтамасыз ету | 2002 жылғы 15-18 сәуір | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 10 | Комиссияның алтыншы мәжілісінің жұмысын жариялауды ұйымдастыру және Комиссия мәжілісінің қорытындылары бойынша баспасөз конференциясын өткізу | 2002 жылғы 15-17 сәуір | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 11 | Комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының сөйлейтін сөзінің, сондай-ақ Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Экономика және сауда министрлігі өкілдерінің сөйлейтін сөздерінің жобасын дайындау | 2002 жылғы 15 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Экономика және сауда министрлігі |
| 12 | Комиссиясының алтыншы мәжілісі туралы есеп дайындау және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу | 2002 жылғы 15 мамырға дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

----------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК